«6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған

Абайдельданова Меруерт Кебековнаның

«Филолог маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыру кескініндегі интеллектуалдық белсенділікті дамытудың әдістемелік моделі»
атты диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстанның білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануымен байланысты қазіргі қазақстандық қоғамда орын алып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тереңдігі мен сипаты жоғары оқу орындарының барлық деңгейінде филолог-мамандарды даярлау тәсілдерінің концептуалды өзгерістерін талап етеді. Қазақстан Республикасының Тіл саясаты Концепциясында елдегі жаңа тілдік жағдаятқа байланысты мәселелерді шешудегі білім беру жүйесінің рөлі атап өтілген. Бұл рөлдің мәні жоғары сапа деңгейіне, халықаралық стандарттарға негізделген білім беру үдерісінің үздіксіздік принципін жүзеге асыру міндетімен айқындалады, оның маңызды элементтерінің бірі тілдік дайындық болып табылады. Психологиялық-педагогикалық, әдістемелік ғылымдарда филологтарды даярлаудың негізгі бағыттары баяндалады, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары жүргізетін зерттеулер әлеуметтік қажеттіліктерді алдын-ала болжауға тиіс, ал олардың нәтижелері білім берудің тиісті механизмдері арқылы қоғамға тиімді жеткізілуі қажет. Осыған байланысты жоғары білім берудің барлық деңгейлерінің заманауи дамуы елдің саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени әл-ауқаты негізделетін платформаға айналуы тиіс.

Сонымен, болашақ филолог-маманның қалыптасуына, оның тұлға ретінде дамуына қазіргі уақытта оқытушы беретін оқыту және бағдарламалық білім мазмұны ғана емес, сонымен қатар субъектінің зияткерлік-шығармашылық қызметі мен өзін-өзі тәрбиелеуі де әсер етеді. Қоғамның қалыптасуы мен дамуының заманауи жағдайлары, елдің экономикалық құрылымының жаңа нысандарымен байланысты қолданыстағы кәсіптердің жоғалуы және жаңаларының пайда болуы, белгілі бір білім мен дағдыларды меңгеруге сенім артудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Оқытудың кредиттік жүйесінде жүзеге асырылатын білім берудің жаңа парадигмасы жаңа оқытушыны талап етеді, оның шығармашылық даралығы жаңа нәрсе жасауға ұмтылумен ғана емес, сонымен бірге, ең алдымен, өзінің жеке қасиеттері мен кәсіби қасиеттерін өзгерту қабілетінде де көрінуі керек. Демек, орын алып отырған білім берудегі жаңару үдерістері болашақ филолог-мамандарды даярлауда жаңа, инновациялық тәсілдерді талап етеді. Қазіргі білім беру парадигмасының басым мақсаты – білім беру процесінде тұлғаның белсенділігі мен шығармашылық дербестігін

дамытуға бағыттау. Жаңа білім беру технологиялары мен оқытудың инновациялық тәсілдері ғылымның барлық салаларында белсенді түрде дамып келеді. Орыс тілін оқыту әдістемесінде де шығармашылық ізденіс байқалады. Әдістемелік ғылымның негізгі міндеті – студенттер мен оқушылардың белсенді зияткерлік қызметін дамытуға ықпал ететін тіл үйретудің тиімді жолдары мен құралдарын әзірлеу.

ҚР «Білім туралы» Заңында, мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарында, филологиялық пәндер бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларында және басқа да ресми құжаттарда оқытушылардан студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін дәйекті қалыптастыру, өзіндік іс-әрекет, сыни және инновациялық ойлау дағдыларын дамыту талап етіледі. Филологиялық цикл пәндерін таным мен өзін-өзі дамыту құралы ретінде оқуға деген көзқарас студенттердің тұлғалық даму мүмкіндіктерін толық пайдалануға мүмкіндік береді. Яғни, зерттеудің өзектілігі танымдық іс-әрекет үдерісінде болашақ филолог-мамандардың зияткерлік қызметін қалыптастыру мен дамытудың әдістемелік жолдары мен шарттарын кеңірек іздеу қажеттілігімен негізделеді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы келесідей:

1.Білім беру үдерісінде филолог-маман тұлғасының зияткерлік белсенділігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізі анықталды.

2.Жеке тұлғаның зияткерлік белсенділігінің менталды табиғаты алғаш рет интеллект-карта форматында сипатталған, бұл «зияткерлік белсенділік» ұғымының концептуалдық доминанттарын анықтауға, сондай-ақ кәсіптік оқыту процесінде зияткерлік белсенділікті дамытудың әдістемелік жүйесін модельдеуге теориялық негіз жасауға мүмкіндік берді.

3.Кәсіби қызметтің жаңа міндеттеріне бейімделу үдерістерінде тұлғаның зияткерлік белсенділігінің қасиеттерін белсендіру негізінде болашақ филолог-мамандардың белгілі бір типті (тұлғалық; когнитивтік; құралдық; жүйелік) кәсіби құзыреттіліктерінің кластері әзірленді.

4.Ең алғаш рет зияткерлік қызметті кезең-кезеңімен жандандыру арқылы кәсіби-бағдарланған білім беру үдерісі үшін инновациялық типтің әдістемелік моделі әзірленді және оның табыстылығын бағалау критерийлері айқындалды.

5.Бұл әдістемелік модель алғаш рет студенттер І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқу үдерісінде «Орыс тілі мен әдебиетін оқытудағы инновациялық тәсілдер» арнайы курсын оқуы кезінде сыналды.

Зерттеу мақсаты – филолог-маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыруға арналған проекциядағы зияткерлік белсенділікті дамытудың әдістемелік моделінің мазмұнын теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу объектісі – тұлғаның кіріктірілген, кәсіби маңызды қасиеті ретінде білім алушының зияткерлік белсенділігі.

Зерттеу пәні – филолог-маманның кәсіби тұлғасын қалыптастыру проекциясында зияткерлік белсенділікті дамытудың әдістері мен тәсілдері.

Зерттеу гипотезасы. Зерттеу жұмысында біз зияткерлік белсенділік жүйе құраушы фактор болып табылады деген болжамға сүйенеміз. Егер филолог-

маманның зияткерлік белсенділігін дамытудың ғылыми-әдістемелік негізі әзірленсе, оның танымдық табиғаты интеллект-карта форматында сипатталып, оны қалыптастыратын кәсіби құзыреттілік жүйесі анықталса, онда тұлғаның зияткерлік белсенділігін дамытудың әдістемелік моделінің ғылыми платформасы құрылады және осы модель бойынша оқу процесін тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттар кешені әзірленеді.

Зерттеу міндеттері:

1.Филолог-маман тұлғасының зияткерлік белсенділігін дамытудың ғылыми-әдістемелік негізін анықтау.

2.Филолог-маман тұлғасының зияткерлік белсенділігінің менталды табиғатын интеллект-карта форматында анықтау және сипаттау.

3.Филолог-маман тұлғасының зияткерлік белсенділігінің құзыреттілік компонентін сипаттау.

4.Филолог-маман тұлғасының зияткерлік белсенділігін дамытудың әдістемелік моделін және оның оқу процесінде қалыптасу деңгейін бағалау критерийлерін әзірлеу.

5.Филолог-маман тұлғасының зияткерлік белсенділігін дамытудың әдістемелік моделін сынау және оның тиімділігін бағалау үшін «Орыс тілі мен әдебиетін оқытудағы инновациялық тәсілдер» арнайы курсын әзірлеу және енгізу.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізін тұлғаның зияткерлік белсенділігін қалыптастыру мәселелерін зерттейтін қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды, *философия бойынша*: П.В.Копнин, В.А. Лекторский, Н.О. Лосский, Ж.М.Абдильдин, А.С.Балгимбаев, А.Н.Нысанбаев, Г.Г.Шляхин және т. б. *Педагогика бойынша*: Ю.К. Бабанский, Л.Я. Лернер, М.Н. Скаткин, Т. Н. Шамова, В.П. Беспалько, В.В.Краевский, В.А.Сластенин, А.В. Хуторский, Г.Т. Хайруллин, Н.Д.Хмель, А.Е. Абылкасымова, М.А. Кудайкулов, И.Н. Нугуманов, Т.С. Сабиров және т. б. *Тілдерді оқыту әдістемесі бойынша:* Л.В. Екшембеева, О.Б. Алтынбекова, Р.А.Шаханова және т.б., *жалпы тіл білімі саласында* Ю.Н. Караулов, Э. Бенвенист, Э.Д.Сулейменова және т.б. *Когнитивті лингвистика бойынша:* В.З. Демьянков, Е.С. Кубрякова, Р. Джакендофф, Т.Дж. Шуэлл және т.б. *Психология бойынша*: А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, М.И. Махмутов, А.К. Маркова, В.В. Давыдов, К.А. Абульханова-Славская, А.В. Петровский, Д.Б. Богоявленская, Г.И. Щукина, З.И. Калмыкова, Ю.Н. Кулюткин, Л.М. Фридман, Ж.И. Намазбаева және т.б.

Зерттеу материалдары: философиялық, психологиялық, педагогикалық және лингвистикалық әдебиет; білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік құжаттар: «Білім туралы», «Тіл туралы» ҚР Заңдары, Ұлттық біліктілік шеңбері, ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және т.б.; халықаралық және отандық мерзімдік ғылыми- педагогикалық басылымдар; ғылыми және лингвистикалық мәтіндер; сауалнамалық деректер.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін Қазақстанның жоғары оқу орындарында филология пәндерін оқыту

тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерімен анықталады. Филолог-маманның зияткерлік белсенділігін дамытудың ұсынылған әдістемелік моделін қолдану оқу процесін ұйымдастырудағы әдістемелік әдістер мен тәсілдер жүйесін кеңейтеді және оқытудың сапалы жаңа нәтижелерін қамтамасыз етеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің нақтылығы мен дәлелділігі «даму», «белсенділік», «зият», «қызмет», «зияткерлік белсенділік», «зияткерлік қызмет», «филолог-маман тұлғасының зияткерлік белсенділігі» санаттарын тануға әдіснамалық тәсілдермен, сондай-ақ зерттеу міндеттеріне сәйкес зерттеу әдістерінің кешенін қолданумен, материалдарды жинау, сапалық және сандық талдау, алынған нәтижелерді тәжірибеде сынау және енгізумен қамтамасыз етіледі.

Қорғауға келесі тұжырымдар ұсынылды:

1.Білім беру үдерісінде тұлғаның зияткерлік белсенділігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негізі әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың, яғни психология, педагогика, әлеуметтану, лингвистика және оның ғылыми бағыттары: психолингвистика, когнитивтік лингвистика және коммуникативтік лингвистиканың қазіргі заманғы нәтижелерінің синтезі ретінде жасалады.

2.Тұлғаның зияткерлік белсенділігінің менталды табиғатын интеллект-картасы форматында сипаттауға болады. Интеллект карта кәсіби оқыту процесінде зияткерлік белсенділікті дамытудың әдістемелік жүйесін модельдеу үшін пайдаланылуы мүмкін «зияткерлік белсенділік» ұғымының концептуалдық доминанттарын анықтауға негіз бола алады.

3. Зияткерлік белсенділік зияткерлік функциялардың бірі ретінде тұлғаның жаңа жағдайларға бейімделу үдерістерін жүзеге асырады, ол болашақ филолог-мамандардың кәсіби құзыреттіліктерінің кластерін қалыптастырумен қатар жүреді. Жоғары білім беру жүйесінде ол белгілі бір типті (тұлғалық; когнитивті; құралдық; жүйелік) құзыреттілік қалыптастырудың ішкі ынталандыру үдерісінде іске асады.

4. Зияткерлік белсенділіктің анықталған параметрлері зияткерлік қызметті және оның табыстылығын бағалау критерийлерін бағытталған кезеңдік жандандыру арқылы кәсіби-бағдарланған білім беру үдерісі үшін инновациялық типтің әдістемелік моделін жасауға мүмкіндік береді.

5. Ұсынылған әдістемелік модельді бағалау және сынау І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқу процесіне «Орыс тілі мен әдебиетін оқытудағы инновациялық тәсілдер» арнайы курсын әзірлеу және енгізу арқылы мүмкін болады.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша 10 жарияланым дайындалды, оның ішінде SCOPUS дерекқорына кіретін рецензияланған журналдар мен басылымдарда 1 мақала, Web of Science дерекқорына кіретін рецензияланған журналдар мен басылымдарда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған жетекші рецензияланған журналдар мен басылымдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында 3 баяндама, 1 оқу құралы. Сонымен қатар, диссертация авторы М.Әуезов

атындағы Әдебиет және өнер институтында (Алматы, Қазақстан) және Ғылым министрлігі қаржыландыратын «Қазақстанның 500 ғалымы» бағдарламасы аясында Гранада университетінде (Гранада, Испания) ғылыми тағылымдамадан өтті. Сондай-ақ, филолог-маман тұлғасының зияткерлік белсенділігін дамытудың әдістемелік моделінің апробациясы автордың студенттерге «Орыс тілі және әдебиетін оқытудағы инновациялық тәсілдер» арнайы курсын эксперименттік оқытуы барысында жүзеге асты.

Болашақ филолог-мамандардың кәсіби тұлғасының зияткерлік белсенділігін дамытуды одан әрі зерттеудің келесі перспективті бағыттарын атауға болады: осы зерттеу аясында талданған және интеллект-карта жасау технологиясы арқылы анықталған оқыту субъектісінің ішкі және сыртқы зияткерлік белсенділігінің механизмдерін түсіну оқытушыларға оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді; ұсынылған әдістемелік модельді бейімдеуге және қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне енгізу үшін ұсынуға болады.

Диссертация құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертацияда 15 кесте және 29 сурет көрсетілген.